

№3 Педагогикалық кеңес отырысының хаттамасы

Өткізілген орны: ЖШС «Алтын Самұрық» бөбекжай-балабақшасы

Өткізілген күні: 29.12.2023 ж

Қатысқандар: 8

Қатыспағандар: жоқ

Төрайымы: Мырсейтова Э.С.

Хатшы: Жүрсін Н.Б.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Зерделеу жұмысының қорытындысы
2. «Педагогтің сөйлеу мәдениеті»
3. «Мектеп жасына дейінгі балаларда құқықтық сауаттылықты қалыптастыру»

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша: әдіскер Жүрсін Н. жүргізілген зерделеу жұмыстарының қорытындысымен таныстырды. Зерделеу барысында оқу-тәрбие процесінің сапасы, балалардың бағдарламалық материалды меңгеру деңгейі, педагогтердің әдістемелік жұмыстары және құжаттардың жүргізілуі талданды.

Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларының қалыптасу деңгейі қарастырылып, көпшілік тәрбиеленушілердің бағдарламалық материалды меңгеру көрсеткіштері қанағаттанарлық деңгейде екені атап өтілді. Сонымен қатар кейбір балалармен жеке жұмыс жүргізу қажеттілігі айтылды.

СӨЙЛЕДІ: тәрбиеші Ахмедова М. зерделеу нәтижелерінің педагогтердің кәсіби дамуына оң әсер ететінін атап өтті.

Тәрбиеші Сыздық Ш. балалардың танымдық белсенділігін арттыруда жаңа технологияларды қолданудың маңыздылығын айтты.

2-мәселе бойынша: тәрбиеші Жексенбаева Қ. «Педагогтің сөйлеу мәдениеті» тақырыбында баяндама жасады. Ол педагогтің сөйлеу мәдениеті – баланың тілдік дамуына тікелей әсер ететін негізгі фактор екенін атап өтті.

Сөйлеудің сауатты, анық, мәдениетті болуы балаларға үлгі болып, олардың сөздік қорын байытуға ықпал ететіні айтылды. Педагогтерге балалармен қарым-қатынаста әдеби тіл нормаларын сақтау, дауыс ырғағын дұрыс қолдану және тілдік этикетті сақтау қажеттілігі түсіндірілді.

СӨЙЛЕДІ: әдіскер Жүрсін Н. педагогтің сөйлеу мәдениеті баланың тілдік дамуының негізі екенін атап өтті.

СӨЙЛЕДІ: тәрбиеші Мустиярова С. күнделікті жұмыста сөйлеу мәдениетін сақтау тәжірибесімен бөлісті.

3-мәселе бойынша: тәрбиеші Кенжеева Ұ. «Мектеп жасына дейінгі балаларда құқықтық сауаттылықты қалыптастыру» тақырыбында баяндама жасады.

Баяндамада балалардың құқықтық сауаттылығын қалыптастырудың маңыздылығы айтылып, баланың өз құқығын білуі, жеке бас қауіпсіздігін сақтау, үлкендер мен құрдастарын құрметтеу дағдыларын дамыту жолдары қарастырылды.

Құқықтық тәрбие ойын, әңгіме, көрнекілік және жағдаяттық тапсырмалар арқылы жүзеге асатыны атап өтілді.

СӨЙЛЕДІ: тәрбиеші Ахмедова М. құқықтық тәрбие балалардың әлеуметтік бейімделуіне ықпал ететінін айтты.

СӨЙЛЕДІ: тәрбиеші Сыздық Ш. құқықтық сауаттылықты ойын арқылы қалыптастырудың тиімділігін атап өтті.

Қаулы етілді:

1. Балаларда құқықтық сауаттылықты қалыптастыру жұмыстары жүйелі жүргізілсін.
2. Тақырыптық ойындар мен тәрбиелік іс-шаралар көбейтілсін.
3. Ата-аналармен бірлескен түсіндіру жұмыстары күшейтілсін.

Педагогикалық кеңестің төрайымы:



Мырсейтова Э.С.

Хатшы:

Жүрсін Н.Б.